

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы
Серия «Социологические и политические науки»
№4(40)**

Алматы, 2012

10. Демидов Ю.А. // Социальная ценность и оценка в уголовном праве. – М., 1975. – С. 50.
11. Фаткуллин Ф.Н., Чулкин Л.Д. Социальная ценность и эффективность правовой нормы. – Казань, 1977. – С. 9.
12. Кудрявцев В.Н. Закон, поступок, ответственность. – М., 1986. – С. 64.
13. Черданцев А.Ф. Социальная ценность социалистического права. // Советское государство и право. 1978. - №7. – С.22,24.
14. Петрухин И.Л., Батуров Г.П., Моршакова Т.Г. Теоретические основы эффективности правосудия. – М., 1979. – С. 170, 195.
15. Баранов В.М. Истинность норм советского права. – Саратов, 1989. – С. 266, 282.
16. Рабинович П.М. Социалистическое право как ценность. – Львов, 1985. – С.9.
17. Неновски Н. Право и мораль. – М., 1995. – С.25.
18. Мамут Л.С. Государство в ценностном измерении. – М., 1998. – С.8.
19. Менцер З.П. Психология и философия // Вопросы психологии и философии. – М., 2005. - С. 115.
20. Крюков В.В. Философские интерпретации проблемы ценностей // Вечные философские проблемы. – Новосибирск, 1991. – С.44.
21. Тойнби А. Постыжение истории. – М., 1991. - С.87.
22. Арон Р. Эссе о свободах. – М.: Праксис, 2005. – 208 с. - С. 100-101.
23. Нысанбаев А., Машан М., Мурзалин Ж., Тулегулов А. Эволюция политической системы Казахстана: в 2-х т. – Алматы: Казак энциклопедиясы, 2001 г., Т 2.– С. 3.
24. Нерсесянц В.С. История политических и правовых учений: Учебник для вузов. – М.: Норма, 2005. – 704 с. - С. 603, 334.
25. Селезнев Л.И. Политические системы современности: сравнительный анализ. М.: СПб, 1995.
26. Политология: Лексикон / Под ред. А. И. Соловьева. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2007. – 800 с. – С. 124.
27. Parsons T. Evolutionary universals in Society. American sociological revolution. - N.Y., 1964. – Vol.7. - N.3. - P.32-36.
28. Buck G.L. Jacobson A.L. Social evolution and structural analysis: an empirical test. American sociological revolution. - N.Y., 1968. -Vol.33 – N3. – P. 849-851.
29. Levy V. Modernization and the structure of societies: Asetting for international affairs. – Princeton: University library, 1960. – P. 34-45.
30. Пугачев В. П., Соловьев А. И. Введение в политологию: учеб. пособие.– М.: Аспект Пресс, 2000. –С 230-231
31. Матвеева С.Я. Модернизация общества и конфликт ценностей // С.Я.Матвеева http://www.libertarium.ru/libertarium/l_pp_matveeva

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ – САЯСИ ЗЕРТТЕУШІ

Р.Б. Әбсаттаров – филос.ғ.д., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі,

Т.Ж. Қалдыбаева – ә.ғ.д., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы

Түйін

Мақалада Шоқан Уәлиханов, қоғамның әлеуметтік-саяси өмірін зерттеуші ретінде қарастырылған. Сонымен қатар оның саяси қайраткерлігі, басқа да зерттелмеген тұстары мен таласы бар мәселелерге назар аударылған.

Резюме

В статье рассматриваются Чокан Валиханов как исследователь социально-политической жизни общества. Вместе с тем уделено внимание и дискуссионным, недостаточно изученным вопросам о его политической деятельности.

Summary

In article Chokan Valikhanov as the researcher of socio-political life of society is considered. At the same time the attention and to the debatable, insufficiently studied questions of its political activity is paid.

Ш.Уалихановтың қатынасуымен 1855 жылы генрал Гасфорт Орталық Қазақстанға, Жетісу және Тарбағатай өлкесіне саяхатын бастады. Қазақ тарихын және саяси өмірін зерттеу мүмкіндігіне ие болған зерттеуші Шоқан қазақ даласын танып-білудің бірқатар кеңейтілген бағыттарын назарға алды. Негізгі зерттеу құбылыстары етіп заңдық дәстүрлерді, саяси құбылыстарды, әлеуметтік мәнге толы әдет-ғұрып-тарды, діни сенім дәстүрлерін қарастырды және мүмкін болғанынша статистикалық материалдарды іздес-тіріп, нәтижесінде мол ақпарат жинады [1]. Оның таланты мен қызметі экспедиция жетекшісі мен қатына-сушыларының зор ризашылығын ие болды. Генерал Гасфорт жоғары орындарға оның қызметін жоғарла-туға ұсыныс жасады және ықласын сала отырып барынша жатымды мінездеме береді. Онда тек жас ғалымның біліктілігі туралы ғана жазылмаған, генерал қазақ әлеуметінің оны зор құрмет тұтатыны, халық арасындағы беделі туралы да атап айтылған.

Омбыға оралған Шоқан экспедиция барысында жинақталған материалдарды жүйеге келтіріп, талдау ісіне кіріседі. Қазақ даласындағы жердің пайдалануы, рулық және отбасылық қатынастар, қазақтардың ертедегі діни сенімдері туралы ресми құжаттарды жазып даярлайды. Бұл тұста тек Шоқанның зерттеуші-лік ғылыми еңбегі туралы ғана емес, патшалық биліктің ғылымға, ғылыми зертеулерге терең мән беруі туралы да атап айта кетуді жөн қарадық. Аталған фактілер сол XIX ғасырда патшалық ресейлік мемлекет билігінің ғылым мен саясатты байланыстырып қарағаны, саяси-экономикалық шараларына нақтылық пен тиімділік сипат беруге деген ұстанымына куә бола алады. Мемлекет билігіне бағындырылған территория-ларды игеруді, ол территорияларды мекендеген халық жөнінде қандай саясат ұстану керектігін айқындап шешуде ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне сүйенген. Қазақ даласындағы әскери бекіністердің салынуы, сауда орталықтарының нығайтылуы, өндіріс салаларының дамытылуы, дала территориясы арқылы басқа мемлекеттермен экономикалық, мәдени, саяси байланыс орнатуы, қалалардың дамытылуы, қазақ жерінің таңдаулы өңірлеріне орыс және басқа да слявян шаруаларының қоныстандырылуы, тағы басқа мемеле-кеттік шаралардың іске асырылуы арнайы қаржыландырылған, жасақталып ұйымдастырылған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен тығыз байланысып жатыр. Отарлау саясатымен тығыз байланыс-ты болуына қарамастан мемлекеттің саяси-экономикалық істерін ғылыми негізге қою тәжірибесі бірқатар қазіргі мемлекеттер үшін үлгі боларлық құбылыс екенін мойындау қажет. Ал Шоқан болса, ол ғылыми еңбекпен шұғылданды, өзі қызмет етіп отырған мемлекеттің ғылыми-зерттеу саласына берген тапсыры-сын абыроймен орындады, бұл салада асқан білгірлік пен біліктілік танытты және саясаткерлік көрсетті, өзінің жан-дүниесіне жақын іспен зор қызығушылықпен шұғылданды, өзінің халқының арасына ғылым мен білімді жеткізуге асықты.

Шоқанның келесі көлемді зерттеу жұмысы офицер Хоментовскийдің бастауымен іске қойылған әскери-жаттығу экспедициямен байланысты болды. 1856 жылы басталған бұл сапардың мақсаты кыргыз халқын, географиясын зерттеу және Ыстық көл алқабын тереңірек танып білу және картаға, қағазға түсіріп алу болатын. Экспедиция екі айға созылды. Бұл жолғы зерттеулердің бір ерекшелігі – оның атақты ғалым географ П.Семенов-Тянь-Шанскийдің тікелей қатынасуымен өтуі. Бұл зерттеулер жұмыстарына ерекше мән мен мағна бере түсті, оның маңыздылығын арттырды.

Ш.Уалиханов Ыстық көл жағалауын жан-жақты аралап, зерттеулерін іске асырды, зерттеуінің жалғасы барысында П.П.Семенов-Тянь-Шанскиймен бірге Тянь-Шан тауына көтерілді. Жас ғалымның талантты-лығы, ғылым-зерттеу ісіндегі білгірлігі мен мұқияттылығы, қабілеті ұлы ғалым П.П. Семенов-Тянь-Шанскийді сүйсіндірді. Оған деген зор құрметі мен игі ниетін тудырды. Оның жоғары деңгейдегі ғылыми болашағына сендірді. Атақты ғалым Шоқанға Петербургқа барып, университет лекцияларын тыңдауға кеңес берді.

Бірнеше жылдан кейін П.П. Семенов-Тянь-Шанский кадет корпусының біраз бітірушілерінің ереше талантын еске ала отырып, Шоқан туралы мынаны жазды: «Ерекше дарынды қасиеттерімен көзге түскен Чокан Чингисович Валиханов Омбы кадет корпусын табыспен аяқтап, кейін менің ықпалыммен Петербургте университет лекцияларын тыңдап, француз және неміс тілдерін жақсы меңгеріп алды, шығыс тарихы, әсіресе қырғыздармен туыстас жақын жатқан тайпалар тарихы туралы керемет эрудит болып алды» деп жазды [2]. Олар ұдайы өзара байланыста болды және 1856 жылы екеуі Құлжа қаласына сапарлап қайтты.

Шоқанның келесі зерттеуілері Хоментовский басшылығымен жасалған 1856 ж екінші жартысындағы танымдық экспедициясымен байланысты. Осы жолғы зерттеудің объектісі Іле Алатауы, Алатаудың теріс-кейі мен күнгейі, Ыстық көлдің шығыс жағалауы болатын. Мәдени антропологиялық, әлеуметтік антро-пологиялық, саяси аймақтылық, территориялық-географиялық зерттеулер жолға қойылды. Оған қоса және толықтырушы жалғасы ретінде тәжірибесі мен танымдық диапазоны кең жас ғалым жергілікті территориялардың флорасы мен фаунасын қоса зерттеп, этномологиялық коллекциялар мен гербарийлер жасады. Орталық Тянь-Шань биігінен қарағандағы хан-Тенгри келбетінің кереметтілігіне қарап тебіренді. Ол осы сапарында ертедегі қалалар мен ескерткіштерді, архитектуралық мұралар туралы ақпарат жинады, осы көзбен көре алатын деректер арқылы танымдық территориялық кеңістікті мекендеген халықтардың экономикалық, саяси, мәдени тіршілігін терең танып білуге тырысты. Ол деректер зерттелуші қауымдас-тықтардың негізінен көшпелі тіршілік еткенімен, біршама отырықшылдықты болғанын куаландырды. Шоқан қырғыз ақсақалдарымен терең әңгіме жасады, басқада осы аумақтардағы білгір деп саналған адамдармен әңгімелесті. Сонымен қатар халық арасында кең таралған әндерді, аңыздарды, эпикалық поэмаларды тыңдады және жазып алды. ХІХ ғасырдың орта тұсында Еуропа төрінде саяси әлеуметтану ғылымы теориясы енді ғана жасалып, оның эмпирикалық саласы жаңа ғана қалыптаса бастаған уақытта Шығыстың жас ғалымының осыншама бай және жан-жақты зерттеу әдістерін іске қосуы мен оларды өзара үйлестіре білуі, әрқайсысының мазмұнының мәніне терең бойлап, олардың берер мүмкіндігі мен әлеуетін соншалықты шеберлікпен пайдалануы қазіргі зерттеушілердің де таңданысы мен сүйіспеншілігін тудырмай қоймайды. Кеуденді мақтаныш сезімі кернеп алады.

Аз уақыт ішіндегі ғалым-офицердің атқарған ғажайып жетістіктері мемлекеттік саяси ортаның да назарына жетпей тұрмады. Ресейдің шығысында орналасқан ірі және қуатты Қытай мемлекетімен арабай-ланыстар орнатып реттеудің бірқатар әлі түсініліп болмаған жақтары болатын. Алдымен оның жақын жатқан батыс аймағымен арабайланысты жөнге келтіріп алу қажеттілігі туды. Осы мақсатқа бағындырылған сапарды іске асыру Шоқан мен оның мақсаттас әріптестерінің үлесіне тиді. Жол бойы территориялық-географиялық, әлеуметтік-саяси, этнографиялық, тағы басқа аспектілерге қатынасты танысу мен зерттеу-лер іске асырылып жатты. Олар 1856 жылдың тамыз айында Құлжа қаласына келді. Үш ай бойы таныс-тық жұмыстарын жалғастыра отырып, мемлекетаралық байланыстар орнату мәселесімен шұғылданды. Нәтижесінде Құлжа және Шәуешекте Ресейлік консулдық ашылып, Табағатай келісімінің негізі қаланды.

Ресейдің оңтүстік шекарасына ақын жатқан Батыс Қытайда әлеуметтік-саяси мазасыздықтар жиі байқалып тұрды. Жергілікті халық Манчжурья династиясының аясыз қанауына төзгісі келмей, жиі наразылық көрсетіп, бас көтерумен болды. Феодалдық қанау ұйғырлар мен дунгандардың, қырғыздардың көтерілістерін тудырып отырды. Сонымен қатар тек көтеріліс қамтып қана қоймай,

Манжуриялық қанаушылар тарапынан бұл аумаққа қойылған бақылау да қатаң және қатерлі болатын.

Жақын аумақтағы бұл жайсыздықтар, қытай қырғыздарының көңіл-күйі патшалық үкіметтің бұл өңірге назарын аударта түсті. Ондағы жағдайды бақылауда ұстап отыру қажеттілігі артты. Осы мақсатта батыс қытайдың Шығыс Түркестанына жақын жатқан Алатау қырғыздарына «сылықтар тарату» деген сылтаумен Шоқан мен оның бір топ әріптестері жол бастайды. Ол істі Шоқан басқарып барды. Болашақ мақсат үшін ұзақ уақыт және жан-жақты ғылыми-танымдық даярлық керек болады. Осы жолында Шоқан әр саладағы зерттеулерін іске асыра береді. Шынғысұлы қырғыз халқының бүкіл аңыздары мен поэмала-рының, ауыз әдебиетінің жинақталған құбылысы «Манас» поэмасына зор мән беріп, оны жазып алды. Бұл «Қырғыз Одессеясының» алғашқы ғылыми жазылуы еді [3]. Халық өмірі, дістүрі туралы ақпаратқа толы, негүрлым реалистік бір бөлігін Шоқан өзі орыс тіліне аударып, оны «Смерть Кукотай хана и его поминки» деп атады Осындай тарихи және саяси-әлеуметтік, психологиялық жағдайда, 20 жасқа толған Шоканның алғашқы қолжазба еңбектері – «Поездка на Исык-куль», «Западная провинция Китайской империи и г. Кульжа», «Записки о кургизах» жазылды. Ғылымы бақылаушы, географ, этнограф және саясаткердің табиғи дарыны, ақылы мен әлеуметтік-психологиялық сезінгіштігі, зерттеушілік мол тәжіри-бесі назарына алынған зерттеу объектісі мен құбылысының ұсақ-түйегіне дейін көріп байқатты. Оның күнделіктері мен жазған еңбектері (қолжазбалары) оның ғылыми бақылаушылық қабілетінің ерекше екенін дәлелдейді [4].

Аталған саяси-әлеуметтік зерттеулерге оны алып келген, негізінен, әскери ведомствоның, жоғарыдағы басшылықтардың әртүрлі сырлар мен мақсаттарға толы тапсырыстары болғанымен, Шоқан Шынғысұлы өз зертеулері арқылы өзінің интеллектуалық сұраныстарын іске асырды. Балалық шағынан санасы мен түйсігіне, мәдени танымына терең енген сұраныстарын өзінің нақты және көпқырлы зерттеуі арқылы қанағаттандырды. Шынайы ғалым, өзіндік танымдық ерекшеліктері мен әлеуеті мол зерттеуші ретінде қалыптасты, дамыды және ғылымды нақты шынайылық негіздерде дамытты. Нәтижесінде ғылыми әлемі-нің жарық жұлдызының біріне айналды. Алайда берілген зерттеушілік тапсырмалармен қатар оның кө-ңілінің түкпірінде жатқан, мазасын алып, шығармашылық қызметке итермелеген, толғандырған бірқатар мәселелер болған. Айталық, оның досы Г.Н. Потанин: «Қырғыз тайпаларын, оның ішінде үйсін, керей, найман тайпалары тарихына қызығушылығы арта түсті, тіпті оларды терең зерттей отырып бұғанға де-йінгі шығыс тарихын бұрмалаушыларды әшкерелеу мүмкіндігі туралы арман Шоканның бойын алды» – деп жазған [5].

Дарынның қызығушылығын тудырған мәселенің бірі – қырғыздардың (ол уақытта патшалық Ресейде қазақтарды да «қырғыздар» деп атайтын еді) Енисей алқабында және Тянь-Шан мен Памир-Алтай таула-рына қоныстануы себептері болатын. Оның шындығын жазылған және жазылмай ел аузында қалған қайнар көздер арқылы іздеп табуды мақсат етіп қойды. Осындай жолмен қырғыздардың 17-18 ғасырлар-дағы тарихын айқындамақшы болды. Екі қыс бойы Батыс Сібір архивінде жұмыс істеді. Өткен тарихи уақиғаларды, жонғар шапқыншылығын т.б. тарихи фактілерді зерделеді. Издеген жауабын, дәлелді дерек-терді, құжаттарды тапты! Қырғыздарды Сібірден Жетісуға, Шу алқабы мен Түркістанға күштеп қоныс аудартқан! Оған сол кезде архив жұмыстарын реттеуге басшылық жұмылдырылған Г.П. Потаниннің де зор көмегі тиді. Ол өзінің естелігінде бұл уақиға туралы былай деп жазған еді: «Зенгор генералының қырғыздарды Енисей губерниясынан Шу төңірегі мен Түркістанға зорлықпен ығыстырып қоныстандыр-ғаны туралы ақпаратқа мен кез болғанымда біз қалай қуандық, Шоқан соншалықты қатты қуанды» [6]. Ол уақытта Енисей Алтаймен географиялық біртұтастықта қарастырылатын еді.

Ш.Уалиханов өз зерттеулері негізінде қырғыздар өзінің алғашқы отаны Андижан таулары деп санағанымен көше жүріп Оңтүстік Сібір мен Қара Ертіс, Хагай, Үрімшіге дейінгі шығысқа жеткен» деген қорытынды жасады. Ол нақты деректер негізінде белгілі ғалымдар, саяхатшы географтар К.Риттер, А.Гумбольд, шығыстанушылар Шотта, Клапрота сияқты ғаламдардың ертедегі қырғыздар

тарихы туралы еңбектерін сынға алды. Бұл оның жеке дара ой-пікірі мен танымдық көзқарасы бар, ғылымдағы «бедел-дермен» қатар тұрып әріптес бола алатын деңгейге көтерілгенін дәлелдейді. Оның басты сенімді «серігі» нақты деректер, шындықты бейнелейтін құжаттар, бүгінгі тілмен айтар болсақ «әлеуметтік фактілер». Географиялық, мәдени антропологиялық, саяси, әлеуметтік-тарихи зерттеулерімен ғылыми ортада танымал болған жас дарын П.П. Семенов-Тянь-Шанский мен В.И. Ламанский берген ұсыныс пікірлері негізінде және барлық жүргізген зерттеулері ескеріле отырып, Уалиханов Шоқан Шынғысұлы 1857 жылы Орыс географиялық қоғамының шынайы мүшелері қатарына қабылданды.

1858 жылы оны «Ержүрек саяхатшы» даңқына бөлеген атақты Кашгар сапары күтіп тұрды.

Қытай еліне қарасты Шығыс Түркістан өңіріндегі саяси-әлеуметтік жағдайдың ушығуы екені туралы, патшалық Ресейдің болып жатқан уақиғаларға алаңдаулы екенін және ондағы шынайы жағдайды зерттеп білуге мүдделілік танытуын, осы мақсатта арнайы жұмыстардың басталғанын жоғарыда айтып кеткен едік. Еуропалықтардың да бұл аймаққа көз тігіп, жағдайды айқындамақ болған іс-әрекетінің сәтсіздіктері де белгілі болатын. Ендігі жерде Ресейдің жасырын зертеушілерінің қапыда өмірі үзілген Шлагинтвейт тағдырын қайталамауы керек-ақ болды.

Қатерлі әрі қажетті сапарға барып қайтуға бірқатар факторларды ескере отырып П.П. Семенов-Тянь-Шанский Шоқанды ұсынған болатын. Оның зерттеушілік қабілеті мен тәжірибесі, қайсар және ізгілікті мінезі, әскери даярлығы, азиялық сыртқы пішіні, шығармашылық және тапқыр ой-өрісі, адамдармен тіл табысу мәдениеті... бәріде алдағы өте күрделі, жауапты міндетті атқара алатынына сенім тудырды.

Кашгарға саяхат процесі, оның қыры мен-сыры Шоқанның «Описание пути в Кашгар и обратно в Алатавский округ» деген кітабында бастан аяқ баяндалған. Бұл еңбекті біз бастан аяқ әлеуметтанулық-саяси еңбек деп бағалаған бола едік. 10 ай 14 күнге созылып, соның ішінде 5 ай бойы қазіргі саяси-әлеуметтану ғылымының эмпирикалық зерттеуіне тән ең тиімді сапалық әдістерін аса білгірлікпен қолдануы, зерттеу алаңында бірнеше қолданбалы зерттеу тәсілдерін қатар қойып пайдалануы, бүгінгі тілмен айтқанда, іріктелген сарапшылар жұмыс, тереңдетілген сұхбат, құжаттармен жұмыс, тағы басқала-ры. Ең бастысы – фантастикалық ептілікпен іштей жүргізілген ғылыми бақылау, оның нәтижелерін сақтаудың айралы жолдарын табу т.б. Әскерилік пен саяси-әлеуметтанушылықтың тар жол тайға кешуде үйлескен ерекше құбылысы...

Араларында «Әлімбай» деп аталған саудагері бар сауда-саттықпен шұғылданушы керуен Қарамола жерін, Іле жағасын басып өтіп Шығыс Түркістанға жақындай түседі. Жол бойы олар Шығыс Түркістан-ның Еркенд, Янысар, Хотан, Ақсу, Турфан қалаларын басып өтіп, саудасын жүргізеді. Бұрын ешкім болып көрмеген Тургарт асуын, Фергана жоталары, жоғары тауда орналасқан Шатыр-көл, зор қиындық-тармен бетпе-бет келе жүріп, күз айында Қашғарға жетеді. Бірден бұл ортаның сырттан келгендерге сенімсіздікпен қарайтын, олардың іс-әрекеттеріне қатаң бақылау қоятыны белгілі болды. Қытай офицер-лерінің тұрақты бақылауы ол да бар. Қала кірер қарсаңда тағыда тексеріс жүргізілді. Осылайша Қашғар-лық және Қоқандық шенеуліктерінің тексерісі және бақылауы жағдайында керуен 1858 жылдың 1-ші қазанында қала ішіне кірді. Қоқандық хандығының кашгардағы басты чиновнигі «ақсақал» және 2 кашгарлық бектің бақылауымен әкелінген тауарлар тіркелуден өткізілді. Олардың жанында Әлімбаймен жақсы қатынаста болған Измаил да болды. Әлімбай мен оның жақын әріптестерін дорға-бектің қабылдауы күтіп тұрды. Осылайша жан жақтан тасалаған бақылау мен төніп тұрған қауіп-қатерер жағдайында «Әлімбайға» мемлекеттік тапсырманы тиімділікпен орындап шығу үшін зор қырағылықпен қызмет етуге тура келді. Төңірегінде «саудагерлер арасында агент бар екен», «Уалиханов төре қашып кетіпті», «орыс офицері» сияқты «өсек-аяң» деген қаулап жүрді. Келесі жылдың наурыз айының басы, бұл ортада енді қалуға болмайтындай ахуал қалыптасты, сондарына бақылау түсті. Тез жиналып, Қашғардан шығып үлгеру

міндеті тұрды. Сауда керуені 24-ші наурызда Құлжаға жетті.Тарбағатай, Найман ауылы, Қапшағай арқылы Верный қаласына аяқ тірелді. Осылайша Қашғардағы 5 айға созылған (1858 жылдың қазанынан 1859 жылдың 13 наурызына дейін) бір жағынан өте ауыр азапты күндер, екінші жағынан, ерлікпен, мемлекет мүддесіне берілгендікпен атқарылған іс-қимылдар, кешегі уақиғаға айланды, артта қалды. Шоқан кейінірек: «Қашғардағы менің іс-әрекетіме келетін болсақ, кез келген, мүмкін болған әдістермен өлке туралы, шағын Бұхарадағы саяси жағдайдың ерекшеліктері туралы нақты мәліметтер жинауға ты-рыстым. Осы мақсатпен барлық ұлттардың, сословиелердің, партиялардың адамдарымен таныстық бай-ланыс жасадым т.б. Сонымен қатар кейбір ғалымдармен достығымды пайдаланып, ходжалар билік еткен кезеңге қатынасты бірқатар кітаптар жинап алдым. Олардан мен жоңғарлар билігіне және қытай басқын-шылығымен елдің құлағанына дейінгі ходжалардың ықпалы туралы және 1825 жылғы көтерілістер тура-лы ақпарат ала алдым», – деп жазды Шоқан [7]. «Әлімбай» әңгімелескен тұлғалардың арасында Қашғар Ақсақалы (әкімі) Нормогомбет дахта, ходжалардың елді қалпына келтіру мақсатында ұйымдастырған кө-терілістеріне қатынасушылар, есаул Тохтар, қоқандықтар, таныстық орнатқан қыпшақтар, бектерге, ахун-дарға, шейхтарға жақын жүрген адамдар, тағы басқа жағдайды білетін адамдар болған. Қоқандықтармен жақын байланыса отырып, осы хандықтың жағдайлары, Худояр ханның құлатылғанынан кейінгі уақиға-лар туралы деректер алынды. Географиялық сипаттағы мәліметтер жинақталды. Елге Шығыстық қол-жазбалар қаталанбас «Сутук Бугар-хана тарихы», «Туглук-Тумар тарихы», «Ходжалар тарихы» әкелінді. Таулы аймақтар рудаларының коллекциясы, нефрит, керамика үлгілері, гербарийлар мен көлемі шағын ескерткіштер жеткізілді. Этнография заттары, тағы басқа танымдық тұрғыдағы құндылықтар елге алып келінді. Әдетінше, қарындашпен салынған суреттері Шығыс Түркістан тіршілігі мен онда этностық және таптық құрамы өмір сүруші халықтар туралы мол мағлұмат беріп тұрды. Осының бәрі салыстырғанда аз-ғана ғана уақыт ішінде, ең бастысы, кез келген сәтте өмірін жалмап қатерлі тіршілік жағдайында атқары-лып үлгерілген іс. Үкімет сенімі ақталды, тапсырма орындалды. Айтылып болмаған бірқатар мағлұматтар зерттеуші Шоқанның «Записки об Алтышатыре или 6-ти городах Восточного Туркестана» еңбегінде баяндалды. Бұл оның Қашғарға сапарының ең басты жемісі және Шығыс Түркістан тарихы, географиясы, әлеуметтік-саяси өмірі туралы алғашқы ірі еңбек.

Верныйда біраз уақыт болған зерттеуші жинақтаған материалдарын өңдеп, талдап, есеп беру үшін Омскіге аттанды. Жылдың аяғына дейін шығармашылық және офицерлік есебін аяқтады. Шоқан есебі почтамен Басштаб департаментіне Петербургқа жіберіледі де, өзі онда кейінірек келді. Басштаб Уалиханов өңдеп, жинақтап жіберген материалды барынша қызықты және пайдалы деп тапты [8].

Уалиханов еңбектері билік, әсіресе, географиялық, ғылыми ортада, шет ел ісі, мемлекеттік кеңес, министрлер комитеті... екі жыл бойы қолдан-қолға өтті. Оның ыңғайлы қысқартылған варианты даярлан-ды: «Краткое извлечение из описания Кашгарии и Алтышатыра». Ғалым-саяхатшы еңбегінің жоғары бағаланғанының тағы бір куәлігі – ол штаб-ротмистр чиніне ауысты, жалақысы өсті және оның сұрауы бойынша 23 сапар-серіктірі мен керуен басы Мусабай, Семей көпесі Букаш та марапатталды.

Уалиханов Петербургке 1859 ж күзде келді. Келген ортасы оны батыр, білгір ғалым, ержүрек саяхат-шы ретінде қабылдады.

Шығармашылық, саяси көзқарасы өрлеу шағында Петербургқа келген ғалым 1859-1861 жылдардағы феодалдық қоғамның қалдығы ретіндегі крепостниктік тәртіпке қарсы демократиялық күштердің қарсы-лығы күшейіп, революциялық көңіл-күй ширығып тұрған жағдайға кез келді. Орталықтарда жасырын революцияшыл қозғалыстар дамыған уақыт еді. Олардың арасында Шоқанның жақын таныстары мен достарыда болды. Азаттық қозғалыстары мен оның идеялары, сөзсіз, қазақ қыранына да әсер қалдырмай, ықпал етпей қоймады. Қазақ халқы жағдайын, оған қалай көмек беруге болатынын ойлады. Мүлдем әрекетсіз де отырмады. Соның бір дәлелі ретінде кейініректегі академик В.А. Обручевтің Г.Н. Потаниннің естеліктеріне сүйене отырып, Шоқанның

Әскери Академияда оқитын сибирьлік студенттерді топтастырып, жиын өткізіп, қазақ халқының жағдайы туралы лекциялар өткізді деп жазды. Логикалық болжамда-уымызша, ол болашақ офицерлерді, халық арасында болашақта мемлекеттік билік пен саясатты іске асырушыларды дұрыс жолға бағдарлап, халыққа тиімді көзқараспен қарауды насихаттады, өзінің зерттеу-лерін сүйене отырып қазақ халқының артта қалған тағылар емес, елеулі мәдениеті, өнері, дәстүрі бар халық екенін дәлелдеп түсіндірді. Ол осындай ағартушылық жұмысты бұғанға дейін де, Кадет корпусында оқыған жылдары, одан кейін де әр мүмкіндікті пайдаланып, жоғары чинді офицерлер және орыс ғалымдары арасында, ұстаздары мен достары арасында жүргізіп келген. Ол нәтижесіз де болмады. Оған қоса Шоқан өзінің тұлғалық бейнесі мен таланты бірқатар маңайындағылардың оның шыққан ортасы мен халқына деген жылы ықласын тудырды, сол халықты танып білуге ынталандырды. Мысалы, 1857 жылы Шоқанмен жақсы арабайланыста болған Батыс Сибирь губернаторы Госфортың жоғары басшылыққа қазақ халқын басқару ісінде жақсы істер керектігін айтып, қазақ халқы мүддесіне жаны ашитындығын бейнелеген Запискасы осының бір куасы. Басқа достарын айтпағанда ұстазы және қамқоршысы болып кеткен П.П. Семенов Тянь-Шанскийдің де ыңғайы келгенде қазақ халқының мүддесін қорғауға ниетті болғаны белгілі.

Петербургте танымал жас ғалым әртүрлі мекемелерде қызмет етті: бас штабтың әсері-есеп комитетінде, Азия департаментінде, университетте және география қоғамында. Бас штабтың ғылыми комитетінің тапсырысы бойынша Орта Азия мен Шығыс Түркістан картасын жасады [9]. Оның редакциялауымен «Балхаш көлі мен Алатау жоталары арасындағы кеңістік картасы», «Құлжа қаласының жоспары», «Қытай империясының Батыс өлкесі» т.б. карталар жасалды. Географиялық қоғамда лекциялар өткізді. Кашғардан науқастанып қайтқан Шоқанның осыншама істерді атқарып үлгеруі ғылымдағы әріптестерінің, жаңа және бұрынғы достарының қолдауымен іске асып жатты.

Алайда науқас асқына берді. 1861 жылы, шығармашылық, ғылыми өмірінің шыңына шығар шақта, ауыр науқас көктем айында Петербургті тастап, елге бет алғызды.

Егер оның ағартушылығы туралы сөз қозғайтын болсақ, басыны өткен өмірдің өзі оны көрнекті ағартушы етті. Тек халқы арасында ғана емес, қызметтес әріптестері, достары арасында да. Біріне білім мен ғылым сыйлағысы, қараңғылық пен артқа тартушы наным-сенімдерден арылтқысы келді, екіншісіне туған халқының жақсылықтарын жеткізіп, қазақтар қауымдастықтарына деген керітартпа көзқарастары мен қатынастарынан арылтқысы келді. Өзінің санасынан туған реформалық өзгертулер жасау идеясын жоғарыдағыларға ұсынып, революциясыз, саяси төңкеріссіз халық жағдайын өзгертуді мақсат етті. Кейбір шоқантанушылар оның жоғарыдан өзгеріс жасауға бағдарланған қадамдарын қолдамайтындықта-рын білдіреді, оны Шоқанның көзқарастық кемшілігіне саяды. Біздіңше, керісінше. Феодалдық-патриархалдық құрылыстың құрсауынан шығып болмаған, әліде білім, ғылым, озық қоғамдық ойлау мен ұйымдық құрылымдану ауылынан алыс жатқан қазақ ортасы үшін, төңкеріссіз, күшпен қиратусыз, бейбіт жолмен жолмен реформалық өзгерістер әлде қайда тиімді болған болар еді. Ал патшалық Ресей билігінің ондай демократиялық прогрессивті өзгерістерден әлі тым алыс жатқаны өз алдына басқа әңгіме. Сол себепті де үстем тап пен халықты билеушілердің озбырлығын, даланы билеуді оның жоғарыдан өзгерту мақсатында даярлап ұсынған «Сот жүйесі реформасы туралы», «Даладағы мұсылмандық» [10] сияқты жазған құжаттары мен ұсыныстары сол уақыт жағдайында тек ағартушылық мәнге ғана ие болып қалған еді. Сол дәуірдегі Еуропа сияқты капиталистік өндірісі, соған сай өндірісті қатынастары дамыған, пролетариаты қалыптасқан қазақ даласы үшін бейбіт реформалаудан басқа жолды ұсыну мүмкін емес еді. Кейінгі екі ғасырдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси өзгерістер мен бұрылыстар Шоқанның саяси-әлеуметтік көзқарасының негізділігін дәлелдей түседі. Сол себепті оған дәстүрдегідей тек «ағартушы» деп қарамай, әлемдік әлеуметтік, саяси, мәдени ғылымдарды негіздеушілер мен дамытушылардың бірі деп бағалаған орынды болмақ. Оның ғылымды дамытушы еуропалық, ресейлік ғалымдардан ерекше қол жеткізген нәтижесі бар. Ол – Шоқанның нақты өмірдің ащысы мен тұщысының арасынан шыққандығы, кез келген ғылыми тұжырымдарын нақты өмір шындығында, оны терең де жан-жақты

зерттеуі арқылы жасағаны. Бұл тұрғадан алғанда Ш.Валихановты саяси-әлеуметтану ғылымын, оның эмпирикалық саласын алғашқылардың бірі деп пайымдауға негіз бар. Әлеуметтану классигі Эмиль Дюркгейм «әлеуметтік факт» туралы ғылымын баяндап, негіздеп, түсініктеп беріп жатқанда, жас ғалым Шоқан оны өзінің зерттеу тәжірибесінде жан-жақы пайдаланып та қойған және оның нәтижесін беріп те үлгерген еді. Дәстүрлі ғылыми ортамен қатарластырған басты фактор – оның академиялық ортаға қарағанда өмір шындығынан ажырамағаны. Керісінше, ғылыми өрлеуге, әлеуметтік-саяси дамуына өмір шынайылығы-ның серпіліс бергені. Кейінгі ұрпақ, біздің парызымыз, Шоқанның басқалардан алғанын баяндай бермей, оның басқаларға, өзі өмір сүрген өркениет пен қазіргі өркениетке, саясатқа бергенін, қалдырғанын дәлел-деп баяндау. Бұл бағытта атқарылатын талай істер жаңа Қазақстан жағдайында атқарылуда, атқарылуы қажеттілік.

1. Семенов Тянь-Шанский П.П. Путешествия в Тянь-Шань в 1856-1857гг. Мемуары. Т. 11. -М.,1946. -С. 53-54.
2. Чокан Валиханов. Избранные произведения. Под ред. академика Академии наук Казахской ССР А.Х.Маргулана. -Алма-Ата, 1958. -С. 40
3. Бұл да сонда. –С. 41.
4. Потанин Г.Н. ЗРГО, ХХІХ. -С. 22.
5. Бұл да сонда. –С. 21.
6. Доклад по департаменту Ген.штаба. Госархив Л-ской обл., ф.360, оп 1, д.257. лл.14-15.
7. Чокан Валиханов. Избранные сочинения. –С. 483.
8. Поездка Валиханова в Кашигар. Известия РГО. Т.4, 1868. -С.264-287. Қараңыз: Семенов Тянь-Шанский П.П. История полувековой деятельности РГО. Ч.1. -С. 276.
9. Чокан Валиханов. Избранные сочинения. –С. 54.
10. Бұл да сонда. –С. 77.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ СТРАТЕГИЯСЫ: ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ МҮДДЕЛЕРІ

Н.Б. Сейсен – с.ғ.к., доцент, Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы,

А.Б. Сейсенова – с.ғ.к.

Түйін

Бұл мақалада автор әлеуметтік- саяси ғылымда әлі де толығымен ашылмаған , Қазақстандағы салық саясатының әлеуметтік-саяси стратегиясы: ұлттық және жалпыұлттық мүдделері қарастырылады.

Резюме

В данной статье авторы рассматриваются национальные и общенациональные интересы в социально-политической стратегии налоговой политики Казахстана, которые в социально-политической науке еще не изучены.

Summary

In this article the author it is considered national and national interests in social political strategy of a tax policy of Kazakhstan which in socio-political science aren't studied yet.

Салық саясаты мемлекеттің қаржы ресурстарын қайта бөлу жолымен өзінің және қоғамның